

"Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 мамырдағы № 190 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 мамырда № 5627 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 қарашадағы № 498 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы әкімдігінің 07.11.2016 № 498 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіруге байланысты
Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

H. Садуакасов

Әкімдіктің
2015 жылғы 12 мамырдағы
№ 190 қаулысымен бекітілген

"Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы **ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі орман, аңшылық, балық, су шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны қорғау және жануар мен өсімдік дүниесінің өзге де объектілері салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды

реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің осы Ереженің қосымшасында көрсетілген ведомствоға бағынысты мемлекеттік мекемелері бар.

3. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі және мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйіректарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110000 Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Таран көшесі, 10.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат

"пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: орман, аңшылық, балық, су шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны қорғау және жануар мен өсімдік дүниесінің өзге де объектілері салаларында мемлекеттік саясатты дамытуға және жетілдіруге ықпал ету.

15. Міндеттері:

- 1) жануарлар дүниесін қорғау, өсіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) орман, аңшылық, су, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;
- 3) қоршаған ортаны қорғау сласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

16. Функциялары:

- 1) ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыру және орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді;
- 2) Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры аумағында орман өрттерінің алдын алу және олармен күресу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қостанай облысы әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;
- 3) өртке қарсы насиҳатты ұйымдастырады;
- 4) қажет болған жағдайда осы мақсатта арнайы комиссиялар қура отырып, Қостанай облысының аумағында ормандарды өртке қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді;
- 5) өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес және оның санитарлық жай-күйін жақсарту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;
- 6) оларды орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі саласындағы

уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) беру үшін өздерінің функционалдық қарауындағы орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры, мемлекеттік орман мониторингі жөнінде материалдар дайындауды ұйымдастырады;

7) жергілікті маңызы бар ерекше қоргалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемең мөлшерлемелерінен басқа мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман пайдаланғаны үшін төлемең мөлшерлемелерінің (сүректі түбірімен босату үшін төлемең мөлшерлемелерінен басқа) жобаларын әзірлейді ;

8) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары, жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыш объектілерін салуға өзінің қарауындағы участеклерді береді және осы участеклерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат береді;

9) мемлекеттік орман қоры участеклерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады;

10). уәкілетті органның және Қостанай облысының жергілікті өкілді органның қатысуымен өздерінің қарауындағы мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастырады және өткізеді;

11) аңшылық шаруашылықтың мұқтаждығы үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық жерлерді, сондай-ақ Қостанай облысының аумағында орналасқан жергілікті, халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын бекітіп беру жөнінде конкурстар өткізеді;

12) аңшылық жерлердің резервтік қордағы жануарлар дүниесін қорғауды, сондай-ақ резервтік қордағы балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участеклерін қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

13) екі және одан да көп облыстардың аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-іздестіру аулауды қоспағандағы жануарлар дүниесін, сондай-ақ сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатқа жатқызылған жануарлар түрлерін пайдалануға рұқсат береді;

14) мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы құрылыштарының есебін жүргізеді, иесіз су шаруашылығы құрылыштары табылған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген рәсімдерді жүргізеді;

15) бассейндік су шаруашылығы басқармаларымен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ауыз сумен жабдықтау көздерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу жөніндегі қаулының

жобасын әзірлейді және Қостанай облысының әкімдігіне ұсынады;

16) Қостанай облысының әкімдігіне бассейндік су шаруашылығы басқармаларымен келісім бойынша су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылық пайдаланудың ерекше жағдайлары мен тәртібін белгілеу бойынша ұсынystardы енгізеді;

17) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен конкурстық негізде оқшауланып немесе бірлесіп пайдалануға су объектілерін береді;

18) бассейндік кеңестердің жұмысына және бассейндік келісімге қатысады, су объектілерін ұтымды пайдалану және қорғау, елді мекендерді сумен жабдықтау, су бұру жөніндегі ұсынystardы бассейндік кеңестердің қарауына енгізеді, бассейндік кеңестердің ұсынымдарын зерделейді, оларды іске асыру жөнінде шаралар қолданады;

19) тиісті аумақтарда су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешеді;

20) жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын әзірлейді;

21) жер үсті су объектілері жок, бірақ сапалы жер асты ауыз суларының су қорының жеткілікті қоры бар аумақтарда ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға қатысы жоқ мақсаттар үшін ауыз судың сапалы жер асты суларын пайдалануға рұқсат береді;

22) II, III және IV санаттардағы шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізеді;

23) II, III және IV санаттардағы кәсіпорындар үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат береді, қоршаған ортаға эмиссияға лимиттерді белгілейді;

24) мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;

25) коммуналдық қалдықтармен айналысу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

26) тиісті аумақта орналасқан табиғи объектілердің жағдайы туралы халықты ақпараттандырады;

27) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу кезінде қоғамдық тындауларға қатысады;

28) Қостанай облысының әкімдігіне коммуналдық қалдықтардың пайда болуы мен жиналудының нормаларын есептеу қағидаларын бекітуге әзірлейді және ұсынады;

29) өз құзыреті шегінде табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарын келіседі;

30) "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

31) өз құзыреті шегінде гендерлік саясатты іске асырады;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдар және өзге де үйымдардан қажетті ақпаратты сұрауға және алуға;

2) соттарда "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құқықтары және мұдделерін заңнамамен белгіленген тәртіпте қорғауды жүзеге асыруға;

3) Қостанай облысының әкімдігіне уәкілетті органмен келісім бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі ұсыныстарды енгізуге;

4) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет көрсету мен жұмыстардың орындалуын жүзеге асыратын штаттан тыс сарапшыларды (занды және жеке тұлғалар) сараптамалық жұмыстарды жүргізу үшін тартуға;

5) орман, аңшылық, балық, су шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, қоршаған ортаны қорғау және өзге де жануарлар мен өсімдік дүниесі объектілерінің салаларында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға.

3. Мемлекеттік органдың қызметін үйымдастыру

18. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты " Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады, сондай-ақ сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шараларды қолданбағаны үшін дербес жауапкершілік алады.

19. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Қостанай облысының әкімі қызметке тағайындалды және қызметтен босатады.

20. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысының

өкілеттігі:

1) заңнамаға сәйкес құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мамандарын, орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің директорларын, директордың орынбасарларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының және мамандарының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

3) заңнамада белгіленген тәртіпте "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне, орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің директорларына, директордың орынбасарларына тәртіптік жаза қолданады және көтермелейді;

4) Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің, сондай-ақ орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің директорларының, директордың орынбасарларының лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда ұсынады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

22. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы өз орынбасарларының өкілеттіліктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген

мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырады.

24. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзгедей тәсілімен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Қостанай облысы әкімдігінің
табиғи ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу
басқармасы" мемлекеттік
мекемесі туралы Ережесіне
қосынша

"Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарауындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі

1. Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Арақарағай орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2. Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Басаман орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3. Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Боровское орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4. Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Қамысты орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5. Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды

реттеу басқармасының "Михайловское орман шаруашылығы мекемесі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6. Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табигат пайдалануды
реттеу басқармасының "Пригородное орман шаруашылығы мекемесі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7. Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табигат пайдалануды
реттеу басқармасының "Семиозерное орман шаруашылығы мекемесі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8. Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табигат пайдалануды
реттеу басқармасының "Таран орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық
мемлекеттік мекемесі;

9. Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табигат пайдалануды
реттеу басқармасының "Урицкое орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық
мемлекеттік мекемесі;

10. Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табигат пайдалануды
реттеу басқармасының "Усаковское орман шаруашылығы мекемесі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11. Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табигат пайдалануды
реттеу басқармасының "Ұзынкөл орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық
мемлекеттік мекемесі.